


**«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ИРРИГАЦИЯ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**БЕКІТІЛДІ**

**«Қазақ су шаруашылығы және ирригация ұлттық  
университеті» КеАҚ**

Ғылыми кеңесінің шешімімен

2026 жылғы «17» наурыздағы №10 хаттама



**«Қазақ ұлттық су шаруашылығы және  
ирригация университеті» КеАҚ  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты**

**Тараз – 2026 жыл**

## МАЗМҰНЫ

1. Мақсаты және қолданылу аясы .....	3
2. Терминдер мен анықтамалар .....	3
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаттары мен міндеттері .....	6
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың қағидаттары .....	8
5. Университетте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл шаралары .....	9
6. Қызметкерлердің, студенттердің және контрагенттердің құқықтары мен міндеттері.....	17
7. Антикоррупциялық комплаенс-қызметінің рөлі мен функциялары.....	18
8. Сыйлықтар мен өкілдік шығыстар .....	21
9. Өзара әрекеттестік .....	23
10. Қайырымдылық қызметке қатысу .....	23
11. Саяси қызметке қатысу .....	23
12. Саясатты іске асыруға жауаптылар .....	23
13. Саясат талаптарын сақтамағаны үшін жауапкершілік .....	24
14. Құқық қорғау органдарымен ынтымақтастық .....	24
15. Қорытынды ережелер .....	25
16. Қосымша 1 .....	26
17. Қосымша 2 .....	27
18. Қосымша 3 .....	28

## **1. Мақсаты және қолданылу саласы**

**1.1.** Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат (*бұдан әрі – Саясат*) және «Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті» КеАҚ (*бұдан әрі – Университет*) Қазақстан Республикасының Конституциясына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына, ISO 37001:2025 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйелері – Қолдану жөніндегі басшылықпен бірге талаптар» халықаралық стандартына және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

**1.2.** Осы Саясат Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын айқындайтын негізгі құжат болып табылады және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын орындауды, Университеттегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл шараларын, сондай-ақ Саясатты сақтамағаны үшін жауапкершілікті белгілейді.

**1.3.** Осы Саясат Университеттің барлық лауазымды тұлғаларына, филиалдарына, Колледжіне, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғаларға және Университет қызметкерлеріне, атқаратын қызметіне немесе функционалдық міндеттеріне қарамастан қолданылады және олар үшін міндетті болып табылады.

**1.4.** Саясат талаптарын сақтау Университетпен азаматтық-құқықтық шарттар негізінде ынтымақтасатын жеке және заңды тұлғаларға да қолданылады.

**1.5.** Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі бақылау жүйесі үш қорғаныс желісі қағидатына негізделеді. Бірінші желі – сыбайлас жемқорлық тәуекелдері айқындалған процестердің иелері болып табылатын қызметкерлер мен құрылымдық бөлімшелер. Екінші желі – антикоррупциялық комплаенс-қызмет. Үшінші желі – ішкі аудит қызметі, ол жүргізілетін тексерістер барысында Университеттің процестеріндегі қолданыстағы ішкі бақылаудың тиімділігін бағалайды.

**1.6.** Саясат Университеттің ресми интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс, бұл қызметкерлерге, білім алушыларға, контрагенттерге және іскер серіктестерге Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің негізгі элементтерімен танысуға мүмкіндік береді.

## **2. Терминдер мен анықтамалар**

**2.1.** Саясатта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1. **сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер** – Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың алдын алуға бағытталған және Заңмен белгіленген шектеулер;

2. **сыбайлас жемқорлық** – Университет қызметкерлерінің өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және оларға байланысты мүмкіндіктерін жеке пайда табу үшін немесе делдалдар арқылы өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында заңсыз пайдалануы, сондай-ақ аталған тұлғаларды игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы сатып алу;

3. **сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылығы** – сыбайлас жемқорлық белгілері бар заңсыз кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік), ол үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген;

4. **сыбайлас жемқорлық тәуекелі** – сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

5. **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** – Университеттің өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде антикоррупциялық мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының себептері мен жағдайларын анықтау және жою, сондай-ақ оларды анықтау, жолын кесу, әшкерелеу және тергеу, салдарын жою жөніндегі қызметі;

6. **сыбайлас жемқорлықтың алдын алу** – Университеттің сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерттеу, анықтау,

шектеу және жою бойынша превентивтік шаралар жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы жүргізетін қызметі;

7. **антикоррупциялық мониторинг** – Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылдаған шараларының тиімділігіне қатысты ақпаратты жинау, талдау және бағалау қызметі;

8. **Университеттің лауазымды тұлғасы** – Университетте ұйымдастырушылық-басқарушылық немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты немесе уақытша орындайтын тұлға;

9. **әкімшілік-шаруашылық функциялар** – Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Университет балансындағы мүлікті басқару және оған иелік ету құқығы;

10. **ұйымдастырушылық-басқарушылық функциялар** – Қазақстан Республикасының заңына сәйкес бағынушылар үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығару, сондай-ақ оларға қатысты көтермелеу шараларын қолдану және тәртіптік жаза қолдану құқығы;

11. **қызметкерлер** – Университетпен еңбек қатынастарындағы жеке тұлғалар;

12. **мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларға теңестірілген қызметкер (бұдан әрі – уәкілетті тұлға)** – Университетте ұйымдастырушылық-басқарушылық немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша орындайтын, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды қоса алғанда, сатып алуды ұйымдастыру және өткізу туралы шешімдер қабылдауға уәкілетті немесе мемлекеттік бюджет пен Ұлттық қор қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобаларды іріктеуге және іске асыруға жауапты, дербес құрылымдық бөлімшенің басшысы лауазымынан төмен емес қызметкер;

13. **жақын туыстары** – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар (асырап алушы), асырап алынғандар, туған және туған емес аға-қарындастар, ата, әже, немерелер;

14. **сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау** – Университеттің сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерттеу қызметі;

15. **«сенім телефоны» (ыстық желі)** – Университет қызметкерлері немесе Университетке қатысты құқықбұзушылықтар туралы ашық немесе анонимді түрде хабарлауға мүмкіндік беретін жүйе;

16. **корпоративтік этика кодексі** – Университеттің құндылықтарын, негізгі қағидаттары мен мінез-құлық стандарттарын айқындайтын, корпоративтік мәдениетті дамытуға және Университет беделін нығайтуға бағытталған ішкі құжат;

17. **кандидаттар** – Университетте ұйымдастырушылық-басқарушылық немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындаумен байланысты лауазымға орналасуға үміткер тұлғалар;

18. **контрагент** – Университеттің мемлекеттік сатып алуларына қатысатын жеке кәсіпкерлік субъектісі, тауарлар, жұмыстар немесе қызметтер жеткізуші, жұмысқа қабылдауға кандидат және Университет үшін мүдде білдіретін өзге де тұлғалар;

19. **заңсыз сыйақы алу** – Университет қызметкерінің міндеттеріне кіретін қызметтерді немесе жұмыстарды орындағаны үшін азаматтардан заңсыз мүліктік сипаттағы пайда (ақша, әртүрлі тауарлар, материалдық құндылықтар және т.б.) алуы, оның ішінде жәбірленуші өзінің заңды мүдделеріне зиянды салдарды болдырмау үшін сыйақы төлеуге мәжбүр болатын жағдайларды әдейі туындату;

20. **мүдделер қақтығысы** – Университеттің лауазымды тұлғаларының, уәкілетті тұлғаларының және өзге де қызметкерлерінің жеке мүдделері олардың лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерімен қайшылыққа түсуі, нәтижесінде олардың қызметтік міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкелуі мүмкін жағдай;

21. **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган** – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру мен іске асыруды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері;

22. **антикоррупциялық комплаенс-қызмет** – Университеттің құрылымдық бөлімшесі, ол сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жүйесін ұйымдастыру мен жұмыс істеуге, сондай-ақ Университет пен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтауын қамтамасыз етуге жауапты;

23. **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілері** – мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалар;

24. **антикоррупциялық ескертпе** – азаматтық-құқықтық шартқа оның орындалуы барысында сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол бермеу үшін енгізілетін шарт;

25. **сән-салтанат бұйымдары** – өмірде онсыз да күн көруге болатын, тек ауқатты адамдар мен отбасыларға қолжетімді талғампаз тауарлар.

2.2. Саясатта қолданылатын, бірақ ашып көрсетілмеген анықтамалар Университеттің тиісті ішкі нормативтік құжаттарында және (немесе) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде берілген мағынада қолданылады.

### **3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаттары мен міндеттері**

#### **3.1. Саясаттың мақсаттары:**

1. Университеттің беделін нығайту және оған деген сенімді арттыру;
2. Университетте сыбайлас жемқорлықты жоққа шығаратын, лауазымдық міндеттерді атқаруда академиялық адалдық қағидаттарын қамтамасыз ететін, «сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділікті» қалыптастыратын құқықтық мәдениетті дамыту;
3. Университеттің, оның қызметкерлерінің, лауазымды және уәкілетті тұлғаларының сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарына тартылу тәуекелін барынша азайту;
4. Басқарудың барлық деңгейінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді құралдарын әзірлеу және енгізу;
5. Қызметкерлер мен Университет арасындағы мүдделер қақтығысы факторларының ықпалын болдырмауға негізделген ашық корпоративтік басқару және шешім қабылдау жүйесін құру.

#### **3.2. Саясаттың міндеттері:**

1. Профессор-оқытушылар құрамында, лауазымды тұлғаларда, уәкілетті тұлғаларда, өзге де қызметкерлерде және білім алушыларда антикоррупциялық мәдениетті, сыбайлас жемқорлық көріністеріне «нөлдік төзімділікті» қалыптастыру;
2. Университет қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету (сатып алулар, студенттерді қабылдау, емтихандар, кадрлық шешімдер);
3. Университет қызметкерлерінің, лауазымды және уәкілетті тұлғалардың мінез-құлық нормаларын айқындайтын қағидаттарды, саясаттарды және ережелерді енгізу;
4. Лауазымды тұлғаларды, уәкілетті тұлғаларды, қызметкерлерді және білім алушыларды ҚР-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарымен және осы Саясатпен таныстыруға, оларды білуге және сақтауға міндеттеу, сондай-ақ түсіндіру жұмыстарын жүргізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат жүргізу;
5. Университеттің негізгі процестерін тұрақты мониторингтен өткізу, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою (регламенттерді өзгерту, процестерді оңтайландыру), сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тұрақты түрде бағалау және талдау;
6. Арыз-шағымдарды қабылдау, «ыстық желі» жұмысын ұйымдастыру және басқа арналар (шағым жәшіктері, электрондық арналар, сенім телефондары және т.б.) арқылы анонимді хабарламаларға мүмкіндік беретін жүйені енгізу;

7. Әрбір түскен хабарлама бойынша қызметтік тергеп-тексеру жүргізу және расталған жағдайда құқық бұзушыларға тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық шаралар қолдану;
8. Бұзушылықтарды есепке алу және талдау жүйесін енгізу, қайталанатын схемаларды анықтау;
9. Ішкі нормативтік құжаттарды және рәсімдерді жетілдіру;
10. Профессор-оқытушылар құрамын, лауазымды тұлғаларды, уәкілетті тұлғаларды, қызметкерлерді және білім алушыларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға тарту;
11. Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының алдын алу мен оған қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды әзірлеу және енгізу, сондай-ақ оның салдарын барынша азайту немесе жою;
12. Мүдделер қақтығысын реттеу;
13. Құқықтық құжаттарға, құрылымдық бөлімшелердің ішкі құжаттарына және локалдық нормативтік актілерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу;
14. Білім беру, тәрбие және ғылыми-зерттеу процестерінде заманауи антикоррупциялық технологиялар мен тетіктерді қолдану;
15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау және серіктестік қатынастар орнату;
16. Университеттің әділ әрі ашық ұйым ретіндегі беделі мен сенімін арттыру.

#### **4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың қағидаттары**

**4.1. Заңдылық және құқықтарды сақтау** – Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралары Қазақстан Республикасының Конституциясына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қатаң сәйкес келуі тиіс және қызметкерлер мен білім алушылардың құқықтарын бұзбауы керек.

**4.2. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне нөлдік төзімділік** – Университет өзінің қызметінде сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлерін толық қабылдамау қағидатын ұстанады. Бұл қағидат Университеттің лауазымды тұлғаларына, уәкілетті тұлғаларына, профессор-оқытушылар құрамына, қызметкерлеріне, студенттеріне және Университет атынан немесе оның мүддесінде әрекет ететін кез келген тұлғаға сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне тікелей немесе жанама, жеке немесе делдалдар арқылы қатысуға қатаң тыйым салады.

**4.3. Жеке үлгі қағидаты** – Директорлар кеңесі мен Университет Басқармасы сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруда және алдын алу жүйесін құруда негізгі рөл атқарады. Олар кез келген деңгейде сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруды жеке үлгі арқылы көрсетуге және жүзеге асыруға міндетті.

#### **4.4. Жариялылық және ашықтық қағидаты:**

1. **Ақпараттың қолжетімділігі** – негізгі құжаттар, ережелер, стандарттар мен есептілік қызметкерлерге, студенттерге және қоғамға қолжетімді болуы тиіс (сайтта, стендтерде, ашық есептер арқылы);

2. **Ашық талқылау** – жиналыстарда, конференцияларда, кездесулерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды талқылау және ұсыну мүмкіндігі;

3. **Шешімдердің ашықтығы** – басқарушылық шешімдер мен ресурстарды бөлу ашық түрде жүзеге асырылуы тиіс, «жабық» процестердің барынша азайтылуымен;

4. **Есептілік** – басшылық пен жауапты тұлғалар ұжым мен бақылаушы органдар алдында тұрақты түрде есеп беруге міндетті.

**4.5. Академиялық және кәсіби адалдық** – оқу, ғылым, зерттеу және еңбек қызметінде адалдық қағидаттарын сақтау. Гранттық есептерді, докторанттар мен магистранттардың диссертацияларын, студенттердің дипломдық жұмыстарын және жарияланатын ғылыми еңбектерді міндетті түрде «Антиплагиат» жүйесі арқылы тексеру.

**4.6. Жазаның бұлтартпастығы және әділдігі** – сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарына кез келген сигналға дереу әрекет ету. Университет қызметкерлері

жасаған құқықбұзушылық үшін олардың лауазымына, еңбек өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан жауапкершілікке тартылады.

**4.7. Қызметкерлердің қатысуы** – Университет лауазымды тұлғаларын, уәкілетті тұлғаларын, профессор-оқытушылар құрамын, қызметкерлерін және студенттерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуға шақырады.

**4.8. Должная осмотрительность (тиісті сақтық)** – Университет үшінші тұлғаларды және жұмысқа қабылданатын кандидаттарды адалдығы мен сыбайлас жемқорлыққа қатысы жоқтығы, сондай-ақ мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан тексереді.

**4.9. Шаралардың тәуекелдерге сәйкестігі** – антикоррупциялық рәсімдер анықталған тәуекелдерге сай болуы тиіс (артық немесе формалды болмауы керек).

**4.10. Тиімділік және нәтижелілік** – қабылданған шаралар ресмилік үшін емес, нақты нәтиже беруі тиіс.

**4.11. Жүйелілік және кешенділік** – басқарушылық, ұйымдастырушылық, ақпараттық, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және өзге де шараларды кешенді түрде қолдану.

**4.12. Тұрақты бақылау және мониторинг қағидаты** – Университет сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жағдайын бақылайды, алдын алу рәсімдерінің тиімділігін қадағалайды, соның ішінде ішкі актілерге сараптама жүргізу және студенттер арасында сауалнамалар өткізу арқылы.

**4.13. Мүдделер қақтығысын басқару** – жеке мүдделер қызметтік міндеттерге ықпал ететін жағдайлардың алдын алу және оларды реттеу.

**4.14. Насихат және оқыту** – антикоррупциялық мәдениетті білім беру, түсіндіру жұмыстары және студенттер мен қызметкерлерді тарту арқылы қалыптастыру.

**4.15. Алдын алу қағидаты** – Университетте комплаенс-қызмет және құрылымдық бөлімшелердің тұрақты түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізуі.

**4.16. Өзара іс-қимыл және үйлестіру қағидаты** – Университет мемлекеттік органдармен және басқа да антикоррупциялық қызмет атқаратын тұлғалармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді және іс-қимылды үйлестіреді.

**5. Университетте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл шаралары**

#### **5.1. Антикоррупциялық мониторинг**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану тәжірибесінің жай-күйіне қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, қорыту, талдау және бағалау бойынша іс-шараларды жүргізу.

#### **5.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (СЖІТ)**

СЖІТ-тің мақсаты – Университет қызметінде сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың қызметкерлер тарапынан жеке пайда табу мақсатында жасалу ықтималдығы жоғары нақты процестер мен салаларды айқындау, осындай құқықбұзушылықтарға ықпал ететін жағдайлар мен коррупциялық схемаларды анықтау. СЖІТ нәтижелері бойынша елеулі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйенің тиімділігін арттыруға арналған іс-шаралар, рәсімдер және бақылаулар әзірленеді; сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырайтын лауазымдар тізілімі жасалады және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картограммасы әзірленеді.

СЖІТ кемінде жылына 1 (бір) рет өткізіледі. СЖІТ Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерімен, процесс иелерімен жүргізіледі. Тәуекелдерді айқындау мен бағалауға, сондай-ақ оларды төмендету жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге жауапты тұлға – талданатын процеске жетекшілік ететін ең жоғары деңгейдегі басшы.

СЖІТ жүргізу кезінде мына құжаттарды басшылыққа алу қажет: 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы; 2) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң; 3) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізудің үлгілік қағидалары; 4) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.

### 5.3. Антикоррупциялық стандартты бекіту

Антикоррупциялық стандарт – Университет қызметіне арналған ұсынымдар, кепілдіктер, шектеулер немесе тыйымдар жүйесі; ол Университеттегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды немесе оның әсерін азайтуды қамтамасыз етеді.

### 5.4. Антикоррупциялық мәдениетті қалыптастыру

Университет сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, академиялық адалдық және әркімнің жеке жауапкершілігі мәдениетін жүйелі түрде қалыптастырады.

1. **Мінез-құлықтың жалпы қағидалары.** Лауазымды, уәкілетті тұлғалар мен қызметкерлер үшін іскерлік этикаға қатысты және этикалық, адал, жауапты мінез-құлықты дамытуға бағытталған жалпы қағидалар мен нормалар белгіленеді. Бұл нормалар Университеттің Корпоративтік этика кодексінде бекітіледі.

2. **«Басшылық жоғары тонын белгілеу» (Tone at the Top).** Директорлар кеңесі мен Басқарма жеке үлгі арқылы антикоррупциялық мінез-құлықтың бірыңғай стандарттарын қалыптастырады және қолдайды. Барлық деңгейдегі басшылар өз мысалында этикалық және іскерлік нормаларды ұстануды көрсетуге, Кодекс пен осы Саясат талаптарын қызметкерлерге түсіндіруге, олардың орындалуын қамтамасыз етуге және бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік атмосферасын қалыптастыруға міндетті. «Үстінен тон белгілеу» үшін функционалдық та, сызықтық та басшылар жауап береді.

3. **«Speak-Up» (Хабарла/Әрекет ет).** Әрбір қызметкер мен білім алушы өзіне белгілі кез келген сыбайлас жемқорлық фактілері немесе негізді күдіктер туралы (оның ішінде анонимді түрде) қолжетімді арналары арқылы: комплаенс-қызметке, «сенім телефонына» дереу хабарлауға міндетті. Университет адал ақпарат берушілердің құпиялылығын және оларды қудалаудан, кемсітуден қорғалуын кепілдейді.

4. **Ашықтық және мүдделі тараптарды тарту.** Университет қызметкерлерді, білім алушыларды, контрагенттерді және жұртшылықты қолданыстағы стандарттар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс нәтижелері туралы тұрақты түрде хабардар етеді (сайт, стендтер, таралымдар, кездесулер, есептер). Жүйені жетілдіру бойынша кері байланыс сауалнамалар және консультациялар арқылы жиналады.

5. **Оқыту және ағарту.** Университет сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер бойынша тиісті және өзекті ақпараттандыруды және оқытуды қамтамасыз етеді. Бағдарламалар өзектілігіне қарай кезең-кезеңімен жаңартылып отырады. Оқытуға қатысты рәсімдер, оқу мазмұны, уақыты және аудиториясы туралы құжатталған ақпарат сақталады.

Қызметкерлер жұмысқа қабылданған кезде және кемінде жылына 1 рет атқаратын лауазымдары мен ұшырайтын тәуекелдеріне сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы даярлықтан өтеді.

Білім алушыларға академиялық адалдық және антикоррупциялық нормалар модульдері оқу процесіне енгізіледі. Оқыту құжатталады (бағдарламалар, тізімдер, күндер, тақырыптар).

#### **Минималды тақырыптық қамту:**

– Заң талаптары және антикоррупциялық шектеулер (сыйлықтар, мүдделер қақтығысы, декларациялау және т.б.);

– Саясат, рәсімдер және сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі, міндеттер мен жауапкершілік;

– Парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтан білім алушыларға, қызметкерлерге және Университетке келуі мүмкін қауіптер мен зиян;

– Білім алушылар мен қызметкерлер сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оны болдырмауға қалай көмектесе алады, сондай-ақ оның негізгі белгілерін қалай таниды;

– Кез келген күдік туралы қалай және кімге хабарлау керек;

– Қолжетімді ресурстар мен көмек арналары;

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің нәтижелілігіне білім алушылар мен қызметкерлердің қосқан үлесі, жақсартулардың пайдасы және күдіктер туралы хабарлаудың маңызы.

6. **Академиялық адалдық.** Барлық жазбаша жұмыстарды мәтіндік ұқсастыққа тексеру («Антиплагиат») міндетті; көшіріп жазу, жалған құжат жасау, баға/емтихан сатып алу және білім беру процесінің адалдығын бұзатын кез келген әрекетке жол берілмейді.

7. **Коммуникациялар және промо-мәдениет.** Мінез-құлық нормалары мен «нөлдік төзімділікті» бекіту үшін стендтер, жадынамалар, кейстер, адалдық күндері, кураторлық сағаттар, студент-елшілер/тәлімгерлер, тақырыптық апталар жүйелі түрде пайдаланылады.

8. **Контрагенттермен жұмыс.** Университеттің антикоррупциялық стандарттары контрагенттерге жеткізіледі; шарттарға антикоррупциялық талаптарды сақтау, пара беруге әрекет ету туралы хабарлау және тексерістерге ынтымақтастық жасау туралы міндетті «антикоррупциялық ескертпе» енгізіледі. Жоғары этикалық стандарттарды ұстанатын әріптестерге басымдық беріледі.

9. **Шектеулер мен нормаларды интеграциялау.** Лауазымды және өзге де қызметкерлер заңмен және ішкі актілермен белгіленген антикоррупциялық шектеулерді (соның ішінде сыйлықтар, мүдделер қақтығысы, өкілдік шығыстар, қайырымдылық, саяси бейтараптық бойынша) сақтауға міндетті. Тәуекелі жоғары санаттар үшін күшейтілген талаптар қолданылады.

10. **Мәдени тәжірибелерді мониторингілеу және жетілдіру.** Комплаенс-қызмет бөлімшелермен бірлесіп мәдениетті тұрақты өлшеуді (сауалнамалар, коммуникациялар аудиті, өтініштерді талдау) жүргізеді, ағарту және оқыту іс-шараларының тиімділігін КРІ арқылы бағалайды және түзету әрекеттерін бастайды.

11. **Жеке жауапкершілік.** Әрбір қызметкер мен білім алушы этика нормаларын және осы Саясатты сақтауға жеке жауапты; басшылар – «үстінен тон белгілеуді» қолдауға және сыбайлас жемқорлық тәжірибелерін болдырмайтын жағдай жасауға жауапты. Бұзушылықтар ішкі актілер мен заңнамаға сәйкес тәртіптік және өзге де жауапкершілікке әкеледі.

#### **5.5. Адами ресурстарды басқару саласындағы шаралар**

Жұмысқа қабылдау кезінде Университет мүдделер қақтығысы мен сыбайлас жемқорлық көріністерінің тәуекелдерін болдырмау жөнінде шаралар қабылдайды. Атап айтқанда, кандидаттардың сотталғандығы және сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық фактілері бойынша міндетті тексеруді қамтамасыз етеді; туыстық байланыстар бойынша таныстық немесе «қолпаштау» мүмкіндігін болдыру үшін Университетте жұмыс істейтін жақын туыстары туралы мәліметтерді талдайды; сауалнама деректерінің шынайылығын және мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы декларацияларды талап етеді.

Еңбек шарттарында қызметкерлердің осы Саясатты сақтау жөніндегі міндеттемелері мен жауапкершілігі, сондай-ақ оны бұзғаны үшін тәртіптік жаза қолдану мүмкіндігі көзделеді. Басшылардың еңбек шарттарында олардың бағыныстылары жасаған сыбайлас жемқорлық және өзге де құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілігі көзделеді.

Қызметке қабылданған барлық қызметкерлер Университет саясатының талаптарымен ақылға қонымды мерзімде танысуға және осы Саясаттың 2-қосымшасына сәйкес оны сақтау туралы міндеттемеге қол қоюға тиіс.

#### **5.6. Антикоррупциялық шектеулер**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 1-бабы 4-тармағында белгіленген анықтамаға сәйкес келетін лауазымды адамдар Заңның 12-бабына сәйкес Антикоррупциялық шектеулерді қабылдайды және ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының барлық талаптары мен міндеттемелерін орындауға міндетті (Осы Саясатқа 1-қосымша)

Заң талаптарына сәйкес Антикоррупциялық шектеулер қолданылмайтын Университеттің лауазымды тұлғалары ҚР заңнамасының және Университеттің өзге де нормативтік құжаттарының барлық талаптары мен міндеттемелерін орындауға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа жол беретін алғышарттар жасамауға міндетті (Осы Саясатқа 2-қосымша)

#### **5.7. Мүдделер қақтығысын реттеу**

1. Мүдделер қақтығысын басқару – сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйенің маңызды бөлігі. Университет мүдделер қақтығысымен байланысты тәуекелдерді болдырмауға және оларды реттеуге ерекше көңіл бөледі. Бұл процестерді реттеу үшін Университет мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі тиісті ішкі құжаттарды бекітеді.

2. Лауазымды тұлғалар, уәкілетті тұлғалар және Университет қызметкерлері өздерінің қызметтік (лауазымдық) міндеттерін атқару барысында Университеттің мүдделерін басшылыққа алуға және жеке мүдделері (тікелей немесе жанама) олардың адалдығы мен объективтілігіне әсер ететін немесе Университет мүдделеріне қайшы келетін жағдайлардан аулақ болуға міндетті. Жеке мүдде – қызметкердің үшінші тұлғалардан ақша, құндылықтар, басқа да мүлік немесе мүліктік сипаттағы қызметтер, мүліктік құқықтар немесе өзіне не үшінші тұлғаларға пайда алу мүмкіндігі, сонымен қатар өз міндеттерін адал орындамау арқылы пайда табуы.

3. Мүдделер қақтығысы туыстардың бірге жұмыс істеуінен және/немесе қызметкерлердің немесе олардың туыстарының үшінші тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуынан, басқару органдарындағы мүшелігінен, олардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруынан немесе Университеттен тыс өзге ақы төленетін қызметпен айналысуынан туындауы мүмкін.

4. Мүдделер қақтығысын болдырмау, алдын алу және реттеу мақсатында Университет қызметкерлері міндетті:

- мүдделер қақтығысы туындағаны немесе оның ықтималдығы белгілі болған сәттен бастап бұл туралы Университетте белгіленген рәсімдер мен ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес хабарлауға;

- мүдделер қақтығысының кез келген ықтималдығын болдырмау шараларын қабылдауға;
- өздерінің функционалдық міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысының туындау тәуекелдерін азайтуға.

5. Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер мүдделер қақтығысын декларациялауға міндетті, ал мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда (немесе оның ықтималдығында) бұл туралы жазбаша түрде тікелей басшысына және комплаенс-бөліміне хабарлауға тиіс. Университет басшылығы қызметкерлерден немесе өзге дереккөздерден ақпарат алған жағдайда, ішкі құжаттарға сәйкес уақтылы шаралар қабылдауы міндетті.

6. Университеттің барлық қызметкерлері жыл сайын мүдделер қақтығысына қатысты оқытудан өтеді.

7. Мүдделер қақтығысының болуы және оны бақылауға қабылданған шаралар туралы ақпарат құжатталып, мүдделер қақтығысын басқаруды регламенттейтін құжаттарға сәйкес сақталады.

## **5.8. Университеттің ішкі құжаттарына және олардың жобаларына антикоррупциялық сараптама**

Ішкі нормативтік құжаттар мен олардың жобаларына талдау әзірлеушінің әдейі жеткіліксіз негізделген жобаны жасыру, лоббилеу немесе өз шынайы ниеттерін қоғамнан жасыру ниетін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Антикоррупциялық сараптама барысында ерекше назар аудару қажет:

1. жобаның өзге нормативтік құқықтық актілермен немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен, сондай-ақ ішкі нормативтік құжаттармен сәйкестігіне;

2. құжат жобасын қабылдаудан пайда алуы мүмкін субъектілерді және олардың пайдасын айқындауға;

3. ішкі нормативтік құжат жобасының ықпал етуі мүмкін субъектілерді және ықпал ету нысандарын анықтауға;

4. құжат жобасының қаржылық негіздемесіне;

5. құжатпен берілген құқықтың Университет үшін теріс салдарға алып келуі немесе әкелуі мүмкін өзге жағдайларға.

## **5.9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер бойынша «Жедел желі»**

Сенім деңгейін жоғары ұстау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу және жолын кесу мақсатында Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер бойынша «Жедел желі» жұмыс істейді.

«Жедел желіге» хабарласу арқылы кез келген қызметкер, контрагент немесе кез келген өзге тұлға ыңғайлы нысанда, оның ішінде құпиялылық немесе анонимдік шарттарымен, сыбайлас

жемқорлық құқықбұзушылық фактілері, осы Саясат талаптарының бұзылуы немесе басқа қызметкерлердің, лауазымды тұлғалардың, өкілдердің, контрагенттердің немесе Университетпен әрекеттесетін өзге тұлғалардың ықтимал заңсыз мінез-құлқы, әрекеті немесе әрекетсіздігі туралы хабарлай алады.

«Жедел желінің» байланыс деректері Университеттің ресми интернет-ресурсында, ақпараттық стендтерде және өзге қолжетімді орындарда орналастырылады.

#### **5.10. Қарымта шаралар мен санкциялардан бас тарту**

1. Университеттің ешбір қызметкері немесе өкілі сыбайлас жемқорлық сипатындағы немесе алаяқтық фактілері туралы болжамды немесе белгілі заңсыз әрекеттер туралы хабарлағаны үшін (оның ішінде жұмыстан шығарылмайды, қызметте төмендетілмейді, ынталандыру төлемдерінен айырылмайды) санкцияларға ұшырамайды.

2. Университеттің ешбір қызметкері немесе өкілі сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылығын жасаудан немесе парақорлыққа делдал болудан бас тартқаны үшін санкцияларға ұшырамайды.

3. Университет қызметкерлерге немесе өкілдерге тәртіптік және өзге жазалау шараларын тек олар әдейі сыбайлас жемқорлық белгілері бар фактілер туралы ақпаратты бұрмалаған, адастырып, басқа қызметкерлерге зиян келтіру немесе беделін түсіру ниеті болған жағдайда ғана қолданады.

#### **5.11. Өтініштер бойынша қызметтік тексерулер мен тергеп-тексерулер**

Жеке және заңды тұлғалардың сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары туралы өтініштері мен өзге де хабарламалары негізінде Университет тиісті өкілеттіктер берілген құрылымдық бөлімшелердің қатысуымен Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте тексеру немесе қызметтік тергеп-тексеру жүргізеді.

Егер тексеру немесе қызметтік тергеп-тексеру нәтижесінде сыбайлас жемқорлық фактісі анықталса, Университет сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасаған тұлғаларды жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қабылдайды, оның ішінде еңбек шартын бұзу және материалдарды уәкілетті мемлекеттік органдарға беру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтың алдын алу үшін тәуекелдерді мониторингтеу мен бақылау рәсімдерін жетілдіру шараларын қолданады.

Егер қызметтік тергеп-тексеру нәтижесінде ақпарат расталса және Университет үшін теріс салдардың алдын алу бойынша шаралар қабылданса (құқық қорғау органдарына жіберілген материалдарды қоспағанда), Антикоррупциялық комплаенс-қызметтің ұсынуы бойынша шешім қабылдау құқығы бар тұлғалар сыбайлас жемқорлық белгілері бар заңсыз фактілер туралы адал хабарлаған тұлғаларды көтермелеу шараларын қабылдай алады.

Егер тұлға құпиялылықты сақтауды қаласа, көтермелеу туралы ақпараттың таралуына жол бермеу шаралары сақталады.

Көтермелеу Университет қаражатын үнемдеу есебінен жүзеге асырылады.

#### **5.12. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу**

1. Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру кезінде сатып алу рәсімдері мен шарттары туралы ақпаратты, оның ішінде тендерге қатысуға шақырулар мен шарт жасасу туралы тиісті ақпаратты ашық жариялау міндетті шарт болып табылады. Бұл әлеуетті қатысушыларға тендерлік өтінімдерді дайындауға және ұсынуға жеткілікті уақыт береді;

2. Университетке және оның лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, өкілдеріне Антикоррупциялық саясаттың қағидаттары мен талаптарына немесе басқа нормативтік құжаттар мен қолданыстағы заңнамаға қайшы келетін әрекеттерді жүзеге асыру үшін делдалдарды, серіктестерді, контрагенттерді және өзге тұлғаларды тартуға немесе пайдалануға тыйым салынады;

3. Университет делдалдарды, серіктестерді, контрагенттерді және өзге тұлғаларды тексеру рәсімін міндетті түрде жүргізеді. Бұл заң бұзушылықтарды болдырмауға немесе анықтауға, сондай-ақ Университеттің сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылу тәуекелдерін азайтуға бағытталған;

4. Саясатта көзделген қағидаттар мен талаптарды орындау мақсатында Университет делдалдармен, серіктестермен, контрагенттермен, агенттермен және өзге тұлғалармен жасалатын шарттарға антикоррупциялық талаптарды (шарттарды) енгізеді.

Антикоррупциялық шарттарда тараптар орындауға міндетті жалпы қағидаттар мен рәсімдер қамтылуы тиіс және контрагенттердің Саясаттың қағидаттары мен талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілігі белгіленеді (Осы Саясатқа 3-қосымша)

#### **5.13. Аудит және бақылау**

1. Университетте қаржы-шаруашылық қызметіне ішкі аудит, бухгалтерлік есепте мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын бақылау, қолданыстағы заңнама мен ішкі нормативтік құжаттардың, соның ішінде Саясатпен белгіленген қағидаттар мен талаптардың сақталуын қадағалау жүргізіледі;

2. Ішкі бақылау рәсімдерінің аясында Университет қызметінің негізгі бағыттары тексеріледі. Оның ішінде ТМҚ-ның есебі, сақталуы және есептен шығарылуы, төлемдердің заңдылығы, олардың экономикалық негізділігі, шығыстардың мақсаттылығы, бастапқы құжаттармен расталуы және Саясат талаптарына сәйкестігі бойынша іріктемелі тексерулер жүзеге асырылады.

#### **5.14. Қоғамды хабардар ету**

Университет осы Саясатты ресми интернет-сайтында ашық орналастырады, сыбайлас жемқорлықты қабылдамайтынын жария түрде мәлімдейді, контрагенттердің, қызметкерлердің және басқа тұлғалардың Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауын құптайды және көтермелейді.

### **6-бөлім. Қызметкерлердің, студенттердің және контрагенттердің құқықтары мен міндеттері**

#### **6.1. Жалпы міндеттер**

Университеттің барлық қызметкерлері, студенттері және контрагенттері (шарттар мен келісімдер бойынша серіктестер) осы Саясаттың, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимылға бағытталған ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын сақтауға міндетті.

#### **6.2. Құқықтары**

Қызметкерлер, студенттер және контрагенттер құқылы:

1. Университетте қолданылатын антикоррупциялық стандарттар мен рәсімдер туралы шынайы және өзекті ақпарат алуға;

2. Антикоррупциялық комплаенс-қызметке сыбайлас жемқорлық, алаяқтық және өзге де бұзушылықтар фактілері бойынша өтініштер, хабарламалар немесе шағымдар беруге;

3. Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы адал хабарлаған жағдайда (оның ішінде анонимді түрде) қорғау кепілдіктерін пайдалануға;

4. Басшылық пен Университеттің лауазымды тұлғаларынан ұйымдастырушылық, академиялық және қаржылық мәселелерді шешуде адалдықты, ашықтықты және әділдікті талап етуге;

5. Университеттің антикоррупциялық іс-шараларына (оқыту, семинарлар, дәрістер, пікірталастар) қатысуға;

6. Заңнаманы бұзуға немесе сыбайлас жемқорлыққа жол ашатын тапсырмаларды орындаудан бас тартуға және бұл туралы міндетті түрде басшылық пен комплаенс-қызметті хабардар етуге.

#### **6.3. Университет қызметкерлерінің міндеттері**

Қызметкерлер міндетті:

1. ҚР заңнамасының және Саясаттың талаптарын орындауға;

2. Сыбайлас жемқорлық қызметінің кез келген түріне қатыспауға;

3. Мүдделер қақтығысына жол бермеуге, ол туындаған жағдайда дереу басшылық пен комплаенс-қызметті хабардар етуге;

4. Өз қызметтік міндеттерін орындағаны үшін сыйлықтар, ақша, қызметтер, жеңілдіктер немесе өзге артықшылықтарды талап етпеуге және қабылдамауға;

5. Антикоррупциялық мониторинг, сараптамалар, тексерулер мен қызметтік тергеп-тексерулерге жәрдемдесуге;

6. Студенттер мен әріптестер арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік атмосферасын қалыптастыруға жеке үлес қосуға.

#### **6.4. Студенттердің міндеттері**

Студенттер міндетті:

1. Академиялық адалдықты сақтау (көшіру, бұрмалау, плагиат, баға немесе емтихан сатып алу әрекеттеріне жол бермеу);
2. Университет қызметкерлерін кез келген түрде параға тартпауға;
3. Университеттегі сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар туралы белгілі болған фактілерді хабарлауға;
4. Білім беру процесінің талаптарын сыбайлас жемқорлық тәжірибелерінсіз адал орындауға;
5. Оқушылар арасында адалдық пен тең мүмкіндіктер атмосферасын қолдауға.

#### **6.5. Контрагенттердің (серіктестердің) міндеттері**

Контрагенттер міндетті:

1. ҚР заңнамасын және шарттардағы антикоррупциялық ережелерді сақтауға;
2. Университетпен өзара іс-қимылда заңсыз артықшылықтар алу үшін делдалдарды немесе үшінші тұлғаларды пайдаланбауға;
3. Шарттық міндеттемелерді орындау кезінде өз әрекеттерінің ашықтығын қамтамасыз етуге;
4. Университет қызметкерлері немесе студенттері тарапынан заңсыз сыйақы ұсынылған барлық жағдайларды хабарлауға;
5. Университеттің антикоррупциялық саясатымен көзделген тексеру және келісу рәсімдеріне қатысуға.

#### **7-бөлім. Антикоррупциялық комплаенс-қызмет**

**7.1.** Антикоррупциялық комплаенс-қызмет – Университеттегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жүйесін ұйымдастыруға және оның жұмыс істеуіне жауапты, сондай-ақ Университет пен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімше.

**7.2.** Антикоррупциялық комплаенс-қызметті Директорлар кеңесі тағайындайды және осы Саясатты іске асыру барысында тікелей соған есеп береді.

**7.3.** Антикоррупциялық комплаенс-қызмет өз қызметін дербес түрде жүзеге асырады, атқарушы органнан, қоғамның лауазымды тұлғаларынан тәуелсіз, Директорлар кеңесіне есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтау ісінде тәуелсіз мәртебеге ие.

#### **7.4. Мақсаты мен міндеттері:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;
2. Адалдық және этика мәдениетін қалыптастыру;
3. Заңнаманың және ішкі нормативтердің сақталуын бақылау;
4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу, анықтау және барынша азайту.

#### **7.5. Функциялары:**

1. Антикоррупциялық рәсімдер мен бағдарламаларды әзірлеу және енгізу;
2. Жедел желі мен өтініштер жүйесінің (анонимді және ашық) жұмысын ұйымдастыру;
3. Бұзушылық фактілері бойынша ішкі талдау мен тексерулер жүргізу;
4. Түзету және алдын алу шаралары бойынша ұсыныстар дайындау;
5. Журналдар мен реестрлерді жүргізу (шағымдар, тексерулер, тергеп-тексерулер, тәуекелдер, оқыту);
6. Ректор мен Директорлар кеңесін қызмет нәтижелері туралы хабардар ету.

#### **7.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің өкілеттіктері**

##### **1. Қол жеткізу және сұрату құқығы**

- Университеттің қаржылық-шаруашылық және оқу қызметіне қатысты барлық ішкі құжаттарға, деректерге және жүйелерге еркін әрі кедергісіз қол жеткізу.
- Барлық құрылымдық бөлімшелерден және лауазымды тұлғалардан құжаттарды, анықтамаларды, түсініктемелерді және өзге де ақпаратты сұрату құқығы.
- Құпия ақпаратқа қол жеткізу (тексеру және мониторинг жүргізу үшін қажетті шектерде).

##### **2. Бақылау және мониторинг құқығы**

- Барлық құрылымдық бөлімшелер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тұрақты және жоспардан тыс мониторинг жүргізу.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың және өзге ішкі құжаттардың сақталуын тексеру.
- Тәуекелдер, өтініштер, қызметтік тергеп-тексерулер және әрекет ету шаралары бойынша тізілімдерді ұйымдастыру және жүргізу.

### **3. Тексеру бастау және жүргізу құқығы**

- Сыбайлас жемқорлық фактілері, академиялық адалдықты бұзу, өкілеттіктерді теріс пайдалану бойынша қызметтік тексерулер мен ішкі тергеп-тексерулерді бастау.
- Сарапшылар мен мамандарды (заңгерлерді, аудиторларды, IT-сарапшыларды, сыртқы кеңесшілерді) тарту.
- Бұзушыларға қатысты тәртіптік шараларды қолдану туралы ұсыныстар енгізу.

### **4. Тәуекелді әрекеттерді тоқтату және бұғаттау құқығы**

- Егер сыбайлас жемқорлық құрамдас бөлігіне негізделген күдіктер болса, тексеру аяқталғанға дейін мәмілелерді, тендерлік рәсімдерді, тағайындауларды, кадрлық шешімдерді және өзге де әрекеттерді тоқтату.
- Жекелеген операциялар бойынша кезектен тыс аудит немесе тексеру жүргізуді бастау.

### **5. Эскалация және есеп беру құқығы**

- Анықталған бұзушылықтар мен тәуекелдер туралы тікелей Директорлар кеңесіне / Басқармаға / Ректорға хабарлау.
- Мониторинг, тергеп-тексерулер және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту шараларының тиімділігі бойынша тұрақты есептілік (тоқсан сайын / жыл сайын) қамтамасыз ету.
- Қажет болған жағдайда бұзушылықтар қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілерін қамтыған жағдайда мәселені мемлекеттік органдар деңгейіне (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі және т.б.) дейін жеткізу.

### **6. Оқыту және кеңес беру құқығы**

- Қызметкерлерге, оқытушыларға және студенттерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, академиялық адалдық және комплаенс мәселелері бойынша оқыту ұйымдастыру және өткізу.
- Әдістемелік материалдарды, нұсқаулықтарды және жадынамаларды әзірлеу және енгізу.
- Қызметкерлерге мүдделер қақтығысының алдын алу және этикалық мінез-құлық мәселелері бойынша кеңес беру.

### **7. Ресурстық қамтамасыз ету құқығы**

- Комплаенс функцияларын орындау үшін қажетті қаржылық және ұйымдастырушылық ресурстарды сұрату және пайдалану.
- Университеттің «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар» бөлімі бойынша бюджет қалыптастыруға қатысу.

### **8. Өтініш берушілер мен хабарлаушыларды қорғау құқығы**

- Өтініш берушілердің (whistleblowers) анонимдігін және оларды қудалаудан немесе кемсітуден қорғауды қамтамасыз ету.
- Бұзушылықтар туралы хабарлаған қызметкерлерге қатысты репрессияларды болдырмау шараларын қабылдау.

#### **7.7. Жауапкершілігі:**

Комплаенс-офицер өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің сапалы және уақтылы орындалуы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына, еңбек шарттарына және лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес жауапты болады.

#### **7.8. Өзара іс-қимылы:**

1. Университеттің құрылымдық бөлімшелерімен;

2. Мемлекеттік органдармен;
3. Қажет болған жағдайда қоғамдық және сараптамалық ұйымдармен.

#### **7.9. Есептілік және бақылау:**

1. Ректорға және Директорлар кеңесіне тоқсандық және жылдық есептілік;
2. Қызмет нәтижелерін университеттің жалпы мониторинг жүйесіне енгізу;
3. Комплаенс-қызметтің тиімділігін КРІ арқылы бағалау.

### **8-бөлім. Сыйлықтар және өкілдік шығыстар**

**8.1.** Антикоррупциялық шектеулерді өзіне қабылдаған лауазымды тұлғалар сыйлықтарды қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын басшылыққа алуға тиіс.

**8.2.** Университет атынан басқа тұлғаларға немесе ұйымдарға берілетін сыйлықтар, сондай-ақ Университет қызметкерлері жұмыс бабына байланысты ұйымдар мен өзге тұлғалардан алатын сыйлықтар, өкілдік шығыстар (іскерлік қонақжайлылық пен Университетті ілгерілетуге арналған шығыстар) мынадай критерийлерге сәйкес болуы тиіс:

1. Университеттің заңды мақсаттарымен тікелей байланысты болуы;
2. Орынды негізделген, шамадан тыс болмауы және сән-салтанат заттарына жатпау;
3. Университет қызметкерлері мен басқа тұлғалар үшін беделдік тәуекелдер туғызбауы;
4. ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, Саясаттың және басқа ішкі актілердің қағидаттарына қайшы келмеуі;
5. Әрекет, қызмет көрсету, әрекетсіздік, қолдау көрсету, құқық беру, мәміле, келісім бойынша шешім қабылдау, мүдделерді лоббилеу үшін (немесе оған ықпал ету үшін) сыйақы (жасырын не ашық) болып табылмауы.

#### **8.3. Тыйым салынады:**

1. Университет немесе оның қызметкерлері атынан қолма-қол немесе қолма-қол емес ақша қаражаты түріндегі сыйлықтар немесе олардың кез келген баламалары;
2. Төмен тұрған қызметкерден жоғары тұрған басшыға сыйлықтар (интеллектуалдық меншік нысандарынан басқа);
3. Оқушылардан, студенттерден, магистранттардан, докторанттардан Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамына сыйлықтар (интеллектуалдық меншік нысандарынан басқа).

**8.4.** Емтихандық кезеңде студенттердің, магистранттардың, докторанттардың Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамына арналған түрлі дастарқандар мен мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруына тыйым салынады.

**8.5.** Университет атынан және мүддесінде мемлекеттік қызметшіге, басқарушылық функцияларды атқаратын лауазымды тұлғаға ақша, бағалы қағаздар, басқа мүлік беру, мүліктік сипаттағы қызмет көрсету немесе мүліктік құқықтарды ұсыну тыйым салынады.

**8.6.** Университетте қызметкерлер немесе өкілдер Университет атынан үшінші тұлғаларға берген немесе олардан алған сыйлықтарды тіркеу үшін арнайы сыйлық реестрлері жүргізіледі.

### **9-бөлім. Өзара іс-қимыл**

**9.1.** Университет лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер үшін сыбайлас жемқорлық фактілері немесе үшінші тұлғалардан немесе әріптестерден туындайтын сыбайлас жемқорлық көріністері туралы хабарлау үшін қауіпсіз, құпия және қолжетімді тәсілдерді қамтамасыз етеді.

**9.2.** Университет антикоррупциялық рәсімдер мен бақылауды жетілдіру бойынша ұсыныстарды құптайды.

**9.3.** Университеттің жаңа қызметкерлеріне Саясат пен оған қатысты құжаттар бойынша кіріспе нұсқаулық жүргізіледі.

**9.4.** Университеттің кез келген қызметкері немесе өзге тұлға өз іс-әрекетінің не басқа қызметкерлердің, лауазымды тұлғалардың, өкілдердің, контрагенттердің заңдылығына қатысты

күмән туындаған жағдайда тікелей басшысына немесе Антикоррупциялық комплаенс-офицерге хабарлай алады.

**9.5.** Университет Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің, халықаралық ұйымдардың лауазымды тұлғаларының және олардың жақын туыстарының (немесе олардың мүддесінде) шығындарын төлеуден коммерциялық артықшылықтар немесе өзге қамқорлық алу мақсатында бас тартады, олардың мөлшеріне қарамастан.

#### **10-бөлім. Қайырымдылық қызметіне қатысу**

Университет коммерциялық артықшылық алу мақсатында қайырымдылық жобаларын қаржыландырмайды.

#### **11-бөлім. Саяси қызметке қатысу**

Университет коммерциялық артықшылықтар немесе жалпы қамқорлық алу мақсатында саяси партияларды, ұйымдарды, қозғалыстарды, жекелеген саяси тұлғаларды қаржыландырмайды.

#### **12-бөлім. Саясатты іске асыруға жауаптылар**

**12.1.** Университетте Саясатты қабылдауға және оны іске асыруға жауапты тұлға – Басқарма Төрағасы – Ректор. Ол Қоғам қызметкерлерінің осы Саясаттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұйымның ішкі нормативтік актілерінің талаптарын орындауын қамтамасыз етуге міндетті.

**12.2.** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды және осы Саясатты іске асыруға жауапты – Антикоррупциялық комплаенс-қызмет, ол:

1. Саясатқа сәйкес ұйымдағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастырады;

2. Саясатты іске асыруға бағытталған ішкі нормативтік актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады және оларды Университет Басшылығына бекітуге ұсынады;

3. Университет Антикоррупциялық комплаенс-қызметтің дербес қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті ішкі нормативтік актілерді қабылдайды және әкімшілік, техникалық және өзге де шараларды іске асырады.

#### **13-бөлім. Саясат талаптарын сақтамағаны үшін жауапкершілік**

**13.1.** Университеттің лауазымды тұлғалары, қызметкерлері және университетпен шарттық қатынастардағы басқа тұлғалар осы Саясаттың талаптарын сақтауға міндетті.

**13.2.** Әрбір Университет қызметкері еңбек шартына қол қойған кезде, сондай-ақ лауазымды тұлғалар мен өкілдер қол қою арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатпен және Университетте қабылданған сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимыл жасауға байланысты ішкі нормативтік актілермен танысуға тиіс.

**13.3.** Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері, атқаратын лауазымына қарамастан, Саясаттың қағидаттары мен талаптарын орындамағаны үшін, сондай-ақ олардың қарауындағы тұлғалардың осы қағидаттар мен талаптарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Университеттің ішкі нормативтік актілеріне сәйкес жауапты болады.

#### **14-бөлім. Құқық қорғау органдарымен ынтымақтастық**

**14.1.** Құқық қорғау органдарымен ынтымақтастық – Университеттің жариялаған антикоррупциялық мінез-құлық стандарттарына адалдығының маңызды көрсеткіші.

**14.2.** Университет мынадай жария міндеттемелерді өзіне алады:

1. Университетке белгілі болған сыбайлас жемқорлық пен өзге де құқық бұзушылық фактілері туралы құқық қорғау органдарына хабарлау;

2. Өздерінің қызметтік міндеттерін орындау барысында белгілі болған сыбайлас жемқорлық пен өзге де құқық бұзушылық фактілері туралы құқық қорғау органдарына хабарлаған лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне қандай да бір санкциялар қолданбау (жұмыстан шығару, лауазымын төмендету, ынталандыру төлемдерінен айыру және т.б.);

3. Университеттің лауазымды тұлғаларының/ қызметкерлерінің/ өкілдерінің құқық қорғау органдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды жүргізуіне заңсыз араласуына жол бермеу;

4. Университет құқық қорғау органдарына сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша іс-шараларды жүргізу кезінде көмек көрсетеді.

**15-бөлім. Қорытынды ережелер**

**15.1.** Саясатқа өзгерістер мен толықтырулар қажеттілігіне қарай енгізіледі.

**15.2.** Саясаттың мазмұны Университет қызметкерлеріне Университеттің нормативтік құжаттары мен рәсімдерінде белгіленген тәртіппен жеткізілуге тиіс.

**15.3.** Саясаттың ережелерімен таныстыруды бақылау Университеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларына жүктеледі.

**15.4.** Осы Саясат Қоғам Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа  
«Қазақ ұлттық су шаруашылығы және  
ирригация университеті» КеАҚ –та  
Директорлар кеңесімен бекітілген  
№ \_\_\_\_\_ «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2026 ж.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы**  
Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларға теңестірілген лауазымды адамдар  
үшін

Мен, \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә. және лауазымы)

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына және «Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті» КеАҚ –та Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына сәйкес өз өкілеттіктерімді жеке, топтық немесе өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға әкеп соғуы мүмкін әрекеттерге жол бермеу мақсатында өзіме келесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаймын:

1. Өз функцияларымды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыруға;
  1. Жақын туыстардың, жұбайлардың және жекжаттардың бірлескен қызметіне (жұмысына) жол бермеуге;
  2. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда лауазымдық міндеттерді орындамауға;
  3. Қызметтік және ресми таратуға жатпайтын өзге де ақпаратты мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында пайдаланбауға;
  4. Өзімнің немесе отбасы мүшелерімнің менің қызметтік өкілеттіктеріме кіретін немесе мен лауазымым бойынша ықпал ете алатын әрекеттер (әрекетсіздік) үшін сыйлықтар, материалдық сыйақы немесе қызметтер қабылдамауға;
  5. Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан шетелдік банктерде шоттар (салымдар) ашпауға және иелік етпеуге, сондай-ақ қолма-қол ақша мен құндылықтарды сол банктерде сақтамауға;
  6. Қазақстан Республикасының «Ойын бизнесі туралы» Заңымен айқындалған құмар ойындарға және (немесе) бәс тігулерге қатыспауға, сондай-ақ бұл үшін арналмаған орындарда немесе телекоммуникация желілерін, оның ішінде интернетті пайдалана отырып өткізілетін құмар ойындарына және (немесе) бәс тігулерге қатыспауға.
2. Қоғамның лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы – лауазымға қабылдаудан бас тартуға немесе лауазымнан босатуға (қызметтен шығару) әкеп соғады, ал оларды сақтамау қылмыстық жазаланатын іс-әрекет немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болған жағдайда олардың өкілеттіктерін тоқтатуға негіз болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің талаптарын орындауға міндеттенемін.

\_\_\_\_\_ (қолы)

күні: «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2026 ж.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа  
«Қазақ ұлттық су шаруашылығы және  
ирригация университеті» КеАҚ –та  
Директорлар кеңесімен бекітілген  
№ \_\_\_\_\_ «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2025 ж.

### М І Н Д Е Т Т Е М Е

Осы форма Сіз «Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті» КеАҚ –та (бұдан әрі – *Университет*) **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымен** (бұдан әрі – *Саясат*) және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 19 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңымен (бұдан әрі – Заң) мұқият танысып, оның мазмұнын толық түсінгеніңізді және осы талаптарды қатаң сақтауға міндеттенетініңізді растау үшін қолданылады.

Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Саясат қабылданған күннен бастап осы міндеттеме нысанын толтырып, қол қоюға, ал жаңадан қабылданғандар – еңбек және/немесе лауазымдық міндеттерін атқаруды бастаған күннен бастап толтыруға міндетті.

#### Университет қызметкерлері үшін:

Осы форманы толтырып, қол қойып, баспа түрінде <b>Кадр қызметіне</b> жеке іске тіркеу үшін тапсыруыңыз қажет.	Сіз еңбек міндеттерін атқаруға кіріскен сәттен бастап Саясат талаптарымен мұқият танысып, оның нормаларын қатаң сақтауға міндеттісіз.	
	<b>Тиісті ұяшықтарда қол қойыңыз:</b>	
		Мен Саясатты оқып, мазмұнын толық түсінгенімді растаймын
		Мен Саясатты адал сақтауға міндеттенемін
		Маған түсіндірілді: егер мен Саясат талаптарын бұзсам, жауапкершілікке тартылуым, оның ішінде атқарып отырған лауазымымнан босатылуым мүмкін
		<b>Т.А.Ә. :</b> _____ _____
	<b>Күні:</b> «___» _____ 2026 ж.	

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа  
«Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті»  
КеАҚ –та Директорлар кеңесімен бекітілген  
№ \_\_\_\_\_ «\_\_» \_\_\_\_\_ 2026 ж.

### Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе

1. «Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті» КеАҚ Шарттың екінші тарапын Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, іскерлік этика мен адалдық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау міндеті туралы хабардар етеді.

2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау барысында Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын немесе оның бұзылуына ықпал ететін қандай да бір әрекеттерді жүзеге асырмайды және ондай әрекеттерге итермелемейді, сондай-ақ заңсыз артықшылық алуға немесе өзге де заңсыз мақсаттарға жетуге жол бермейді.

3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 3-бабының 29-тармағында көзделген қасақана жасалған әрекеттер жатады, сондай-ақ коммерциялық паракорлық немесе Тарап қызметкерінің заңды мүдделеріне қайшы өзінің қызметтік жағдайын заңсыз пайдалануы, мүліктік, физикалық немесе моральдық сипаттағы игіліктер немесе қызметтер түрінде пайда табуы, өзіне немесе үшінші тұлғаларға өзге де мүліктік құқықтар алуы не басқа жеке тұлғалар тарапынан осындай пайда заңсыз ұсынылуы, Қазақстан Республикасының немесе Тарап қызметін жүзеге асыратын елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес өзге де мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы.

4. Тараптар екінші Тараптың қызметкерлерін белгілі бір тәуелділікке қоюға және оларды қандай да бір әрекеттерді осы Тараптың пайдасына жасауға ынталандырудан бас тартады.

5. Тараптар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

6. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 26-бабының 1-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының нәтижесінде жасалған мәмілелер мен шарттар заңда белгіленген тәртіппен уәкілетті тұлғалардың немесе мүдделі тұлғалардың не прокурордың талабы бойынша сотпен жарамсыз деп танылады.

7. Заңның 26-бабының 2-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының нәтижесінде қабылданған актілер мен жасалған әрекеттер тиісті актілерді жоюға (тоқтатуға) уәкілетті тұлғалармен не мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талабы бойынша сот тәртібімен жарамсыз деп тануға жатады.

8. Заңның 24-бабының 1-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы дайындалып жатқанын, жасалып жатқанын немесе жасалғанын хабардар еткен тұлға бұл туралы өз тікелей басшысына және (немесе) мемлекеттік органның не ол жұмыс істейтін ұйымның басшылығына және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға хабарлауға міндетті.